



БЕКІТЕМІН:

**ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын»
орталығының директоры
Г. Рахимжанова**

2021ж.

**ТМД халық шығармашылығы мен мәдени мұрасына арналған
«Өлкетану сағаты: кіші Отанымыздың үлкен ашылуы»
атты қашықтықтан өткізілетін
облыстық интернет-байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы ереже ТМД халық шығармашылығы мен мәдени мұрасына арналған «Өлкетану сағаты: кіші Отанымыздың үлкен ашылуы» атты қашықтықтан өткізілетін облыстық интернет-байқауының мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуін, өткізу және қаржыландыру тәртібін, жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің қатысуын анықтайды (бұдан әрі – Байқау).

2. Ұйымдастырушылар Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығы).

3. Байқаудың мақсаты: оқушыларды өлкетану және экологиялық білімге, ғылыми-зерттеу және табиғатты қорғау іс-шараларына, туған жерінің тарихи, мәдени және рухани мұраларына, кіші отанын сүйуге баулу.

4. Байқаудың міндеттері:

- өлкетану, экология, ресурс үнемдеу, табиғи және жасанды құрылған экожүйелерді қорғау және сақтауға қызығушылық танытатын білім алушыларды анықтау және қолдау;

- ғылыми-зерттеу құзыреттілігін, өзін-өзі ұйымдастыру және өз білімін қалыптастыру;

- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

- олардың кәсіби бағдарлануына ықпал ететін экологиялық проблемаларды шешуге практикалық қатысуға білім алушыларды тарту үшін жағдайлар жасау;

- өскелең ұрпақтың кіші отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, патриоттық сезімдерін және азаматтық жауапкершіліктерін дамыту.

Байқауды өткізудің жұмыс тілдері қазақ және орыс тілдері болып табылады.

II. Байқауды ұйымдастыру комитеті

5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін байқаудың ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

- байқауды дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- байқауға қатысу үшін өтінімдер мен қажетті материалдарды қабылдайды;
- байқауды өткізу кезінде конкурстар мен жарыстардың қазылар алқасының құрамын қалыптастырады және бекітеді;
- іс-шаралар түрлерін, оларды өткізу түрін анықтайды;
- байқаудың қорытындысын талдайды және жалпылайды;
- байқаудың дайындалу, өткізу барысы мен нәтижелерін БАҚ-та жария етуді қамтамасыз етеді.

III. Байқауды ұйымдастыру мерзімі мен тәртібі

6. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

Бірінші кезең (іріктеу) – мектепшілік байқау (**2022 жылғы 2 ақпанға дейін**).

Екінші кезең (іріктеу) – аудандық, қалалық байқау (**2022 жылғы 9 ақпанға дейін**).

Үшінші кезең – облыстық байқау (**2022 жылғы 24-25 ақпан**).

7. Байқаудың бірінші (іріктеу) және екінші (іріктеу) кезеңдерін өткізу мерзімдері аудандық (қалалық) білім бөлімдері басшыларының, білім беру ұйымдары директорларының бұйрықтарымен айқындалады.

8. Қалалардың, аудандардың білім бөлімдері басшыларының және облыстық білім беру ұйымдары директорларының қолы қойылған облыстық байқауға қатысу үшін өтінімдер, сондай-ақ қатысушылардың байқау жұмыстары (Қосымша № 1) **2022 жылғы 11 ақпанға дейін** Өскемен қаласы, Абай даңғылы 21, ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығының мекен-жайы, 8 (7232) 75-15-53 телефоны, **turismvko@mail.ru** e-mail бойынша қабылданады.

Өтінімге қоса беріледі:

- қатысушылардың конкурстық жұмыстары, бейнематериалдарға сілтемелер;
- байқаудың іріктеу кезеңдері жеңімпаздарының және жетекшілердің байқауға қатысуы туралы білім бөлімдері басшыларының, облыстық білім беру ұйымдары директорларының бұйрығының көшірмесі;
- қатысушылар мен жетекшілердің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

9. Байқауға қатысушы немесе қатысушылар дайындаған жобалар қатыса алады (құрамында 2 адамнан артық емес). Екі және одан да көп өтінімде бір ізденушінің тең авторлығына жол берілмейді.

10. Конкурсақ ұсынылған жұмыстар (мәтіндік формат) антиплагиат жүйесі бойынша тексерілетін болады.

11. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар байқау материалдарын БАҚ-та авторын көрсете отырып жариялауға құқылы.

IV. Байқауға қатысушылар

12. Байқауға іріктеу сайыстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері – мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының, облыстың жалпы білім беретін мектептерінің білім алушылары қатысады.

13. Команда құрамы қала/ауданнан - 12 адамға дейін.

14. Қатысушылардың жасы: 7-9 сынып оқушылары.

V. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

15. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) **«ТМД: тарихи естелік және жаңа ұрпақ. Тарихи очерк» номинациясы** - тарихи очерктер байқауы.

Очерк-деректі көркем әдебиеттің жанры.

Тарихи очеркте зерттелетін тақырыптың тарихы хронологиялық, ғылыми деректемелерге негізделген. Очерк қоғамдық өмірдің нақты фактілері мен құбылыстарын ұсынады және талдайды, әдетте олардың авторын тікелей түсіндірумен бірге жүреді.

Жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- Байқауға қазақ / орыс тіліндегі жеке шығарма қабылданады;

- Жұмыс көлемі-1 беттен және одан көп компьютер жиынтығы (қаріп TimesNewRoman-14 пт.; жоларалық интервал-1,5; барлық жолдар 2 см);

- Жұмыстар WORD (doc) форматында сақталған электрондық түрде қабылданады;

- Жұмыс келесі нұсқаулардан басталуы керек: номинация тақырыбы, эссе атауы, қатысушының аты-жөні, жасы, білім беру ұйымының толық атауы, қала, аудан, ауыл;

- Жұмысқа мынадай иллюстрацияларды қоса беруге болады: фотосуреттер, суреттер, сызбалар, кестелер;

- Очерктер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

2) **«Шығыс Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы: Достастықтың мәдени мұра нысандары» номинациясы** - туған өлкені зерттеу, өлкетану материалдарын жинақтау және жүйелеу, ТМД мәдени мұра объектілерінің карта-плакатын жасау.

Жобаның тұжырымдамасы мен мазмұнына байланысты қатысушы жергілікті жердің картографиялық бейнесін ұсынады, ТМД мәдени мұра объектілерін плакатқа, мазмұны бойынша қысқаша түсініктеме, сондай-ақ объектілердің түсіндірме жазбалары бар фотосуреттерін салады.

Плакат-карта графикалық (қағазға сызу) немесе сандық форматта (мультимедиа мен компьютерде ойнату) ұсынылуы мүмкін.

3) **«Халық шығармашылығы көрмесі» номинациясы** - өз қолымен жасалған бұйымдардың шығармашылық конкурсы: табиғи материалдан жасалған бұйым (саздан жасалған бұйым-ұсақ пластик, рельеф, горельеф, пласт, плакетка, медаль, қыш ісі, тал шыбығы және жүзім бұтағы, қарағай тамыры, шөп, қайың қабығы, жоңқа), «ою» және «сурет салу» (ағаш, мата, шыны, металл бойынша), кесте, шілтер тоқу, тоқыма, жамылғы пластикасы, ленталармен кестелеу, моншақ (панно, картиналар), бисермен өру (әйелдер әшекейлері) және т. б.

Жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- Конкурса автормен орындалған бұйымның фотосуреттері жіберіледі түрлі ракурстарда (кемінде 8 бет, оның ішінде: 5 фото – дайындау процесінде, 3 сурет-дайын жұмыс);

- Жұмысқа бұйымның мәтіндік сипаттамасы бар файлдық құжат қоса беріледі: қандай материалдан жасалған, қосалқы материалдардың қандай түрлері пайдаланылған және оның қолайлылығы.

16. Барлық номинациялар бойынша байқау жұмыстарының титулдық парағында мыналар көрсетіледі:

- облыс, аудан (қала), ауыл;
- білім беру ұйымының атауы;
- атауы: конкурс, номинация және конкурстық жұмыс;
- автордың аты-жөні; қатысушының жасы, сыныбы;
- e-mail, байланыс деректері;
- басшының тегі, аты, әкесінің аты, басшының лауазымы және жұмыс орны.

17. Барлық номинациялар бойынша байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

- Конкурс тақырыбы мен номинациясының толық ашылуы;
- Мағыналық және композициялық тұтастық;
- Ұсынылған тақырыптың жаңалығы мен өзектілігі. Мақсаттар мен міндеттерді қою;

- Қойылған мақсатқа жету әдістерін қолданудың тиімділігі;
- Шығармашылық тәсіл. Ерекшелігі;
- Мазмұн сапасы;
- Жұмыстың іздестіру-зерттеу сипаты;
- Материалдардың көркемдік және техникалық сапасы;
- Жұмысты рәсімдеу.

Басқа біреудің материалын пайдалануға қатаң тыйым салынады. Конкурстық жұмыстар бұрын жарияланбауы тиіс.

VI. Байқау қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау

18. Жеңімпаздарды қазылар алқасы анықтайды. Қазылар алқасының құрамына тарихшылар, географтар, экологтар, филологтар, журналистер, қосымша білім беру педагогтары кіреді.

19. Конкурс жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады номинациялар бойынша (жоба жетекшілерін көрсете отырып). Қалған қатысушыларға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

20. Байқау қорытындысы 2021 жылдың 28 ақпанында ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» <https://www.shygysdaryn.kz/> сайтында жарияланады.

Анықтама телефоны: 8 (7232) 75-15-53.

VII. Конкурсты қаржыландыру

21. Конкурсты қаржыландыруды бекітілген сметаға сәйкес ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығы жүзеге асырады.

_____ ауданынан
ТМД халық шығармашылығы мен мәдени мұрасына арналған
«Өлкетану сағаты: кіші Отанымыздың үлкен ашылуы»
облыстық қашықтық интернет-байқауына
ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

№	Қатысушының тегі, аты	Номинация	Байқау жұмысының тақырыбы	Білім беру мекемесінің атауы	Туған айы, күні, жылы	Сыныбы	Көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан қатысушы (көрсету)	Қатысушының байланыс деректері (телефон)	Жетекшінің толық аты-жөні, тегі, әкесінің аты, лауазымы, жұмыс орны, e-mail, ұялы телефон

Команда өкілі (мекен-жайы, ұялы.тел., e-mail) _____ ТАӘ

Білім бөлімінің басшысы _____ ТАӘ
(қолы, мөр)